

Программа дисциплин
Форма
для студентов
7.18.2/07



ФСО ПГУ

Қазақстан Республикасының ғылым және білім
министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университеті

Психология және педагогика кафедрасы

«Дифференциалды психология» пәнінен

050503 «Психология»

мамандығы бойынша

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Павлодар

Лист утверждения
к программе дисциплины
7.18.2/11
для студентов



Форма
Ф СО ПГУ

БЕКІТЕМІН

**Филология, журналистика
және
өнер факультетінің деканы**

Ж.Т. Сарбалаев

«__» _____ 200__ ж.

Құрастырушы: доцент Жуманкулова Е.Н _____

Психология және педагогика кафедрасы

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

**«Дифференциалды психология» пәнінен
050503 «Психология»
мамандығының студенттеріне арналған**

Студенттерге арналған бағдарлама мамандықтың жұмыс бағдарламасы оқу жоспары негізінде әзірленді.
“___” _____ 200 ж. Хаттама № ___

Кафедра мәжілісінде ұсынылды “___” _____ 200__ ж.
Хаттама № ___

Кафедра меңгерушісі _____ Кертаева К.М.

Филология, журналистика және өнер факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданды
“___” _____ 200__ ж. Хаттама № ___

ОӘК Төрайымы _____ Жуманкулова Е.Н.

Ұстаз туралы мәлімет

Абильдинова Гульнара Кайдаровна – психология және педагогика кафедрасының аға оқытушысы.

СҰӨЖ қабылдау күндері – жұма күні, 149 ауд. 14.00-17.00 сағ.

Пән туралы мәлімет

1 Пәннің міндеттері мен мақсаттары:

1.1 Кіріспе

Әлеуметтік психологиядағы қолданбалы зерттеулердің неғұрлым өзекті әрі басым бағыттары - өзара әрекеттестік және қарым-қатынас; әлеуметтік үлкен топтар мәселесі, жекелей алғанда, оның этнос; қоғамдағы әлеуметтік процестер (саяси, діни, этностық, демографиялық) мәселелері; Қазақстан Республикасының полимәдени және полиэтностық жағдайындағы жеке адамның әлеуметтенуінің психологиялық аспектілері; әлеуметтік психологияның қолданбалы (дін психологиясы, саясат, демография, экономика, сауда, басқару және менеджмент, жарнама, бұқаралық ақпарат құралдары, өнер, білім, ғылым, денсаулық сақтау, жанұя, әскер т.б.) салаларының дамуы болып табылады.

«Әлеуметтік психология» пәнінің мазмұнын меңгеру студенттердің өз білім, білік, дағдыларын өмірлік іс-әрекеттің түрлі сфераларында (тұлғалық, жанұялық, кәсіби-іскерлік, қоғамдық) пайдалану мүмкіндігін арттырады.

1.2 «Әлеуметтік психология» курсының мақсаты—студенттерді шетелдік және отандық әлеуметтік психологияның теориялық және қолданбалы зерттеу аймағындағы жетістіктерімен таныстыру.

1.3 «Әлеуметтік психология» оқытудың міндеттері:

-студенттерді шетелдік және отандық әлеуметтік психологияның басты мәселелері бойынша теориялық зерттеулері мен тәжірибелік нәтижелерімен таныстыру;

-студенттер бойында үлкен және шағын топтардың дамуы мен қызмет ету заңдылықтары (конформизм феномені, жетекшілік және лидерлік, топтық тұтастық мәселесі) туралы білімдерін қалыптастыру;

-жеке адамның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері (әлеуметтену және әлеуметтік бағдар) жайлы білімдерін қалыптастыру;

-адамдардың өзара әрекеттестігі мен қарым-қатынасы туралы білімдерді қалыптастыру;

-студенттердің әлеуметтік-психологиялық зерттеу бағдарламалары мен зерттеу жұмысын жүргізуде іскерлік пен дағдыларын дамыту;

-кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

1.4 «Әлеуметтік психология» курсы оқу процесінде студенттер білуі қажет:

-әлеуметтік психологияның қалыптасуы мен даму тарихын білу;

-әлеуметтік психологияның өзекті мәселелерін білу;

-әлеуметтік-психологиялық құбылыстар мен процестердің заңдылықтарын білу;

-теориялық білімді тәжірибеде пайдалана білу;

-құрамада (топта) жұмыс жасай білу;
-кәсіби қарым-қатынас дағдылары;
-психологиядағы ғылыми-ұғымды аппаратты игеруге ептілігі;
-әлеуметтік психология мәселелері бойынша материалдарды ауызша және жазбаша түрінде түрде ұсыну ептілігі;
-теориялық білімдерді практикада адекватты қолдану;
-зерттеу іс-әрекетінің дағдылары.

2 Пререквизиттер:

Осы пәнді игеруге қатысты пәндер: философия, социология, мәдениеттану негіздері, политология, педагогика, психологиялық мамандыққа кіріспе, педагогикалық мамандыққа кіріспе, жалпы психология, психодиагностика негіздері.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Андреева Г.М. Социальная психология. М, 1999,
2. Битянова М.Р. Социальная психология. М., 1994.
3. Крысько В.Г. Социальная психология. М., 2001.
4. Майерс Д. Социальная психология. СПб., 1998.
5. Шихирев П.Н. Современная социальная психология. М., 1999.
6. Немов Р.С. Психология.. М. 1990.
7. Паповян С.С. Математические методы в социальной психологии. М., 1983.
8. Шевардин Н.И. Социальная психология в образовании. М., 1995.
9. Большаков В.Ю. Психотренинг. Социодинамика, игры, упражнения. Спб.. 1994.
10. Сейдуллаев Б.А. Методическое пособие по курсу «Социальная психология». А., 1995.
11. Кузьмин Е.С. Основы социальной психологии. - Л, ЛГУ, 1987.
12. Парытин Б.Д. Социальная психология. Спб, 1997, 2001.
13. Донцов А.И. Психология коллектива. -И., 1984.
14. Кричевский Р.Л., Дубовская Е.М. Психология малых групп. М., 1991
15. Бодаев А.А. Психология общения. Москва-Воронж.. 1996.
16. Шибутани Т. Социальная психология. - М., 1999.
17. Агеев В.С. Межгрупповое воздействие. - М.. 1990.
18. Знаков В.В. Понимание в познании и общении. Самара, 1998.



Пән мазмұны

| 3.1 Пәннің тақырыптық жоспары (к/о бөлімі, с/о бөлімі) | | | | | | | |
|---|--|------------|-----|-----|------------|-----|-----|
| № | Тақырыптардың атауы | Сағат саны | | | | | |
| | | к/о бөлімі | | | с/о бөлімі | | |
| | | Дәр | Тәж | СӨЖ | Дәр | Тәж | СӨЖ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 бөлім. Әлеуметтік психологияның әдіснамалық негіздері. | | | | | | | |
| 1 | Кіріспе. Әлеуметтік психологияның пәні, оның адам және қоғам туралы ғылымдар жүйесіндегі алатын орны | 0,5 | 0,5 | 3 | | 0,5 | 3 |
| 2 | Әлеуметтік-психологиялық идеялардың қалыптасу тарихы | 0,5 | 0,5 | 3 | | 0,5 | 4 |
| 3 | Қазіргі әлеуметтік психологияның негізгі теориялық бағыттары | 0,5 | 0,5 | 3 | | 0,5 | 4 |
| 4 | Әлеуметтік-психологиялық, зерттеу әдістері мен әдіснамасы | 0,5 | 0,5 | 3 | | 0,5 | 3 |
| 2 бөлім. Тұлғаның әлеуметтік психологиясы | | | | | | | |
| 5 | Тұлға-әлеуметтік-психологиялық зерттсудің пәні рстінде | 0,5 | 0,5 | 3 | 0,5 | | 4 |
| 6 | Әлеуметтанудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері | 0,5 | 0,5 | 3 | 0,5 | | 4 |
| 7 | Гұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттеудің психологиялық мсханизмдері | 0,5 | 0,5 | 3 | 0,5 | | 4 |
| 3 бөлім. Қарым-қатынастың әлеуметтік психологиясы | | | | | | | |
| 8 | Қарым-қатынас - әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде | 0,5 | 0,5 | 3 | 0,5 | | 4 |
| 9 | Қарым-қатынастың коммуникативті жағы: вербальды қарым-қатынас | 0,5 | 3 | | 0,5 | 4 | |
| 10 | Вербальды емес қарым-қатынас | 0,5 | 0,5 | 3 | | 0,5 | 4 |
| 11 | Қарым-қатынастың перцептивті жағы: тқлғааралық қабылдау және өзара түсіністік | 1 | 1 | 3 | 0,5 | 0,5 | 4 |
| 12 | Қарым-қатынастың интерактивті жағы: тұлғааралық өзара әрекеттестік | 1 | 1 | 3 | 0,5 | 0,5 | 4 |
| 13 | Жеке адам аралық кикілжің және оны шешудің тәсілдері | 1 | 1 | 3 | 0,5 | | 4 |
| 4 бөлім. Шағын топтың әлеуметтік психологиясы | | | | | | | |
| 14 | Әлеуметтік психологиядағы шағын топты зерттеудің әдіснамалық | 1 | 1 | 3 | 0,5 | | 4 |

| | | | | | | | |
|--|---|-----------|-----------|-----------|----------|----------|-----------|
| | мәселелері | | | | | | |
| 15 | Тұлға және топ | 1 | 1 | 3 | 0,5 | | 4 |
| 16 | Шағын топтың генезисі мен дамуы | 1 | 1 | 3 | | 0,5 | 4 |
| 17 | Шағын топта қалыптасқан өмірлік іс-әрекеттің әлеуметтік-психологиялық аспектілері | 1 | 1 | 3 | | 0,5 | 4 |
| 18 | Топаралық қатынас психологиясы | 1 | 1 | 3 | 0,5 | | 4 |
| 5 бөлім. Үлкен топтар әлеуметтік психологиясы және бұқаралық әлеуметтік процестер | | | | | | | |
| 19 | Үлкен әлеуметтік топтардың психологиялық сипаттамалары | 1 | 1 | 3 | 0,5 | 0,5 | 4 |
| 6 бөлім. Әлеуметтік психологиядағы қолданбалы зерттеулердің негізгі бағыттары | | | | | | | |
| 20 | Әлсуметтік психологиядағы теориялық және қолданбалы білімдердің арақатынасы | 1 | 1 | 3 | 0,5 | 0,5 | 4 |
| | Барлығы: | 15 | 15 | 60 | 6 | 6 | 78 |

Теориялық курстың мазмұны

1 тақырып. Кіріспе. Әлеуметтік психологияның пәні, оның адам және қоғам туралы ғылымдар жүйесіндегі алатын орны. Жалпы психология және әлеуметтану-әлеуметтік психологияның негізі. Қазіргі психологиялық және әлеуметтану ғылымдарындағы әлеуметтік психологияның пәні туралы біртекті түсініктердің болмауы.

2 тақырып. Әлеуметтік-психологиялық идеялардың қалыптасу тарихы. Әлеуметтік психологияның дербес ғылым ретінде қалыптасуының алғы шарттары. Алғашқы әлеуметтік-психологиялық теориялар («Халықтар психологиясы» М.Лацарус, Г.Штейнталь, В.Вундт; «Көпшілік психологиясы» Г.Тард, В.Макдугаллдың «Әлеуметтік жүріс-тұрыс инстинкт» теориясы).

3 тақырып. Қазіргі әлеуметтік психологияның негізгі теориялық бағыттары. Қазіргі әлеуметтік психологиядағы жаңа бихевиоризм. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер контекстіндегі үйрену теориясының негізгі ұғымдары. Әлеуметтік-психологиялық феномендердің психоаналитикалық талдауы. Әлеуметтік психологиядағы қазіргі психоаналитикалық тұжырымдамалар және З.Фрейд позициясы.

4 тақырып. Әлеуметтік-психологиялық, зерттеу әдістері мен әдіснамасы. Ғылыми зерттеу әдіснамасы түсінігі. Әлсуметтік-психологиялық зерттсудің тсориясы мен эмпирикасы. Мәліметтердің сенімділігі мен негізділігі мәселесі. Репрезентативтілік мәселесі. Таңдау түрлері. Әлеуметтік-психологиялық зерттеу бағдарламасы.

5 тақырып. Тұлға - әлеуметтік-психологиялық зерттсудің пәні ретінде. Тұлға мен қоғамның өзара байланысы әлеуметтік психологияның түйінді мәселелерінің бірі ретінде.

6 тақырып. Әлеуметтанудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері. Әлеуметтену түсінігі. Әлсуметтену механизмдері мен институттарының жалпы сипаттамасы. Тұлғаның әлеуметтену процесіндегі ерскшеліктсірі. Әлеуметтенудің

негізгі кезеңдері. Әлсуметтену заңдылықтарын Э.Берн және К.Стейнердің транзактілі талдауы бойынша түсіну.

7 тақырып. Тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттеудің психологиялық механизмдері. Қажеттіліктер, моговтер, қызығулар, құндылықтар, ережелер, әлеуметтік бағдарлар және олардың тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқының психикалық реттеудегі рөлі. Әлеуметтік бағдар түсінігі. Әлсуметтік бағдар зерттеулері үшін Д.Н.Узнадзе мектебіндегі зерттеулердің мәні. Әлеуметтік бағдарларды (аттитюдтерді) зерттеу әдістері.

8 тақырып. Қарым-қатынас - әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде. Қарым-қатынас құрылымы, мазмұны, формалары мен механизмдері. Қарым-қатынастың негізгі жақтары: коммуникативті, интерактивті, перцептивті; олардың бірлескен іс-әрекет сипаты мен қарым-қатынастағы серіктеспен қатынас сипатымен байланысы (Г.М.Андреева, Е.С.Кузьмин).

9 тақырып. Қарым-қатынастың коммуникативті жағы: вербальды қарым-қатынас. Адамдар арасындағы қарым-қатынас процесінің ерекшелігі: ақпараттардың «қозғалысы» кезіндегі дамуы мен толығыуы; қарым-қатынас кезіндегі серіктестердің белсенділігі; ақпараттардың мағыналық талдануы және коммуникация түрлері. Сөйлеу құрылымы. Тілдік хабарларды түсінудің әлеуметтік-психологиялық заңдылықтары.

10 тақырып. Вербальды емес қарым-қатынас. Вербальды емес қарым-қатынас түсінігі. Вербальды емес жүріс-тұрыстың негізгі құрылымының (түрлері) жалпы сипаттамасы. Кинесика және оның компоненттері (ым, поза, жүріс, көз контактісі, авербальды әрекеттер) - қарым-қатынас процесінің факторлары ретінде.

11 тақырып. Қарым-қатынастың перцептивті жағы: тұлғааралық қабылдау және өзара түсіністік. Әлеуметтік психологиядағы перцептивті процестерді талдау ерекшеліктері. Қарым-қатынас процесіндегі тұлғааралық қабылдау мен өзара түсіністіктің рөлі. Субъекті қасиеттері, қабылдау объектісі, сипаты және тұлғааралық өзара байланыстар - перцептивті процесс факторлары ретінде. Қабылдау механизмдері мен эффектілері.

12 тақырып. Қарым-қатынастың интерактивті жағы: тұлғааралық өзара әрекеттестік. Тұлғааралық өзара әрекеттестік (интеракция) әлеуметтік-психологиялық зерттеу пәні ретінде. «Диадальқ өзара әрекеттестік» теориясы. Тұлғааралық өзара әрекеттестіктің айырмашылық белгілері қарым-қатынас формалары ретінде. Бәсекелестік пен бірлестік өзара әрекеттестігінің түрлері ретінде.

13 тақырып. Жеке адам аралық кикілжің және оны шешудің тәсілдері. Тұлғааралық кикілжің түсінігі. Тұлғааралық кикілжіңдердің мотивациялық және когнитивті тұжырымдамаларының жалпы сипаттамасы. Кикілжіңді жүріс-тұрыс және объективті кикілжіңді ситуация. Тұлғааралық кикілжіңнің құрылымы мен динамикасы.

14 тақырып. Әлеуметтік психологиядағы шағын топты зерттеудің әдіснамалық мәселелері. Шағын топтың психологиялық мәселесін өңдеудің әлеуметтік-тарихи және нақты-ғылыми алғы шарттары. Зерттеудің қазіргі жағдайы және перспективасы. Шағын топ дефинициясы. Шағын топтардың жіктелуі.

15 тақырып. Тұлға және топ. Тұлға мен қоғам өзара қатынасы шағын топты әлсуметтік психологиялық зерттеудің бастапқы мәселесі ретінде (Н.Триплет, В.Меде,

В.М.Бехтерев т.б.). Топтағы ережені қалыптастыру (М.Шериф, Т.Ньюком т.б.). Топтық әсер ету әдістері мен механизмдері. «Конформизм» құбылысы С.Атт, Р.Крачфилд т.б.). Топтық азшылықтың әлеуметтік әсерінің механизмдері мен жайларын зерттеу (С.Московичи т.б.). Бірлесік құрылымындағы жеке адам: беделдіге бағыну құбылысы (Ст.Милграм).

16 тақырып. Шағын топтың генезисі мен дамуы. Шағын топтың пайда болуының объективті және субъективті себептері әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде. Әлеуметтік идентификация түсінігі. Топтың даму үлгілері (Б.Такмен, Г.Стенфорд, А.В.Петровский, Л.И.Уманский т.б.).

17 тақырып. Шағын топта қалыптасқан өмірлік іс-әрекеттің әлеуметтік-психологиялық аспектілері. Топ бірлесік іс-әрекет субъектісі ретінде (Г.М.Андреева, А.В.Петровский т.б.). Топ өмірлік іс-әрекетінің сыртқы және ішкі қайшылықтары оның даму көзі ретінде.

18 тақырып. Топаралық қатынас психологиясы. Топаралық қатынас психологиясын зерттеудің мотивациялық (З.Фрейд, Д.Доллард, Н.Миллер, Т.Адорно), ситуациялық (М.Шериф және т.б.), когнитивті (А.Тэшфел, Дж.Тернер, В.Дуаз) және іс-әрекеттік (В.С.Агеев) бағыттары. «Топаралық дискриминация», «топшілік фаворитизм» әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде. Топаралық қатынас және әлеуметтік әділеттілік мәселесі.

19 тақырып. Үлкен әлеуметтік топтардың психологиялық сипаттамалары. Әлеуметтік психологиядағы үлкен топтарды зерттеудің теориялық және әдістемелік принциптері, мәселелері. Үлкен әлеуметтік топтардың жіктелуі.

20 тақырып. Әлеуметтік психологиядағы теориялық және қолданбалы білімдердің арақатынасы. Қазіргі кездегі қолданбалы әлеуметтік-психологиялық зерттеулерге деген қызығушылықтың артуы.

Практикалық сабақтарының мазмұны

1 тақырып. Әлеуметтік психологияның пәні мен міндеттері.

Жоспар

1. Әлеуметтік психологияның пәні туралы түсініктердің эволюциясы.
2. Әлеуметтік психологияның гуманитарлық білімдер жүйесіндегі орны мен өзге де психологиялық пәндермен өзара байланысы.
3. Адам және қоғамның мәселелерін шешудегі әлеуметтік психологияның мәні мен рөлі.

2 тақырып. Шетелдік, отандық, қазақстандық әлеуметтік психология ғылымының қазіргі жағдайы.

Жоспар

1. Әлеуметтік психология тарихының кезеңдері (Г.М.Андреева және Е.С.Кузьмин бойынша).
2. Қазіргі американдық, европалық әлеуметтік психологияның жалпы сипаттамасы. Кеңестік әлеуметтік психологияның даму тарихы.
3. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-психологиялық, идеялардың дамуы мен әлеуметтік психология аймағындағы теориялық және қолданбалы зерттеулердің өңделуі мен жүргізілуі.

3 тақырып. Жеке адамның әлеуметтену кезеңдері: механизмдері, институттары.

Жоспар

1. Әлеуметтік-психологиялық әсер етудің белсенді әдістері: мазмұны, типтері, мүмкіндіктері мен шектеулері.
2. Әлеуметтік-психологиялық тренинг және оның түрлері.
3. Топтық пікірталас.

4 тақырып. Құндылықтар, ережелер мен әлеуметтік бағдарлар жеке адамның әлеуметтік жүріс-тұрмысын реттеуші ретінде.

Жоспар

1. Әлеуметтік психологиядағы интеракционизм. Дж.Мидтің тұжырымдамасы.
2. Интеракционистік бағдардың теориялық негіздері. Рольдік теориялар.
3. Шиеленістердің ішкі рольдік және аралық рольдік мәселелері.
4. Ресурстті топ теориясы (Г.Хайманн, М.Шериф, Р.Мертон т.б.). Когнитивизм қазіргі әлеуметтік психологияның басым бағдары ретінде. Зерттеудің бастапқы принциптері мен мәселелері.
5. Когнитивтік сәйкестілік теориясының жалпы сипаттамасы.

5 тақырып. Қарым-қатынастағы тұлғааралық қатынас.

Жоспар

1. Қарым-қатынастың кеңістікті-уақыттық ұйымдастырылуы.
2. Жеке адам аралық қарым-қатынастағы вербальды емес жүріс-тұрыстың полиқызметтілігі.
3. Адамның экспрессивті репертуары түсінігі. Вербальды емес қарым-қатынас өзара әрекеттестік пен топаралық қарым-қатынастың ерекшелігінің көрсеткіші ретінде.

6 тақырып. Әлеуметтік-психологиялық тренинг (ӘПТ): ұғымы, мақсаты, міндеті, түрлері, принциптері.

Жоспар

1. Әлеуметтік психологиядағы қолданбалы зерттеулердің негізгі аймақтары: а) Бірлестіктегі әлеуметтік психология; ә) бұқаралық коммуникация жүйесінің әлеуметтік-психологиялық аспектілері /ККЖ/; б) құқыққа қарсы жүріс-тұрыстың әлеуметтік-психологиялық аспектілері; в) жанұя қызметінің әлеуметтік-психологиялық аспектілері; г) жарнаманың әлеуметтік психологиясы; ғ) басқару мен менеджменттің әлеуметтік-психологиялық аспектілері; д) ЖОО мен мектептегі әлеуметтік-психологиялық қызмет; е) шығармашылық пен өнердің әлеуметтік-психологиялық аспектілері; ж) саясаттың және т.б. әлеуметтік-психологиялық аспектілері.

7 тақырып. Әлеуметтік-психологиялық кикілжіңдер мен оны шешу тәсілдері.

Жоспар

1. Кикілжіңді өзара әрекеттестіктің шығуы мен стратегиялары.
2. Тұлғааралық кикілжіңнің конструктивті және деструктивті қызметтері.
3. Кикілжіңнің пайда болуы, өтуі және шешілуіндегі «үшінші адам» рөлі.

8 тақырып. Жеке адам мен топтың өзара әрекеттестігі.

Жоспар

1. Әлеуметтік бағдар құрылымы. Тұлғаның әлеуметтік мінсз-құлқын рсттеудегі әлеуметтік бағдардың қызметтері.
2. Әлеуметтік бағдар мен реалды мінез-құлық арақатынасы (Лапьер феномені). Тұлға диспозициясының иерархиялық құрылымы туралы В.А.Ядов тұжырымдамасы.
3. А.Н.Леонтьев іс-әрекетті мотивациялық-мағыналық реттеу туралы.
4. Әлеуметтік бағдар, қажеттілік, мотив, тұлғалық мағынасы түсініктерінің арақатынасы.

9 тақырып. Шағын топ әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде.

Жоспар

1. Лидерлік табиғатын әлеуметтік-психологиялық зерттеудің негізі теориялық бағыттары.
2. Менеджменттің әлсуметтік-психологиялық аспектілері. Топтық шешім қабылдау процесі. «Топтардың поляризациясы» құбылысы.
3. Топтық пікірталас, «брсйнсторминг» топтық шешім қабылдау тиімділігін арттыру әдісі ретінде.
4. Шағын топ типтері мен олардың тиімділік критерийлері.

10тақырып. Топаралық қатынас психологиясы.

Жоспар

1. Этносаралық қабылдаудың әлеуметтік-психологиялық заңдылықтары және олардың ұлтаралық қатынастардың дамуындағы рөлі.
2. Этностық стереотип түсінігі.
3. Этнопсихологиялық феномендерді талдаудағы салыстырмалы-мәдени бағыт.

11тақырып. Үлкен топтар мен бұқаралық әлеуметтік процестердің әлеуметтік-психологиялық аспектілері.

Жоспар

1. Ұйымдаспаған табиғи (тобыр, дсмонстрация және т.б.) және жартылай ұйымдасқан уақытша (публика, митинг, аудитория және т.б.) үлкен топтардың өмірлік іс-әрекетінің психологиялық аспсктілсрі.
2. Ұйымдасқан тұрақты үлксн топтар (әлеуметтік класс, этнос, қабат, кәсіби топтар, саяси партиялар т.б.) психологиясының құрылымы.

12тақырып. Әлеуметтік психологияның қолданбалы аспсктілері.

Жоспар

1. Тұлғаның даму моделі мен Э.Эриксон тұжырымдамасындағы бірдейлік түсінігі.
2. Адамзаттың әлеуметтену түсінігі. Жасөспірімдік дағдарыс түсінігі.
3. Ересек жастағы әлеуметтену сфсралары мен динамикасы.
4. Егде адамдарды зейнеткер атағына әлеуметтік-психологиялық бейімдеу. Қартаю процесінің әлеуметттік-психологиялық ерекшеліктері.
5. Әлеуметтенудің түрлі кезеңдеріндегі тұлғаны психодиагностикалау мен түзету әдістерінің жалпы сипаттамасы.

13тақырып. Топ бірлескен іс-әрекет субъектісі ретінде.

Жоспар

1. Топтың психологиялық тұтастығы түсінігі (А.И.Донцов).
2. Топтық динамика түсінігі.

14тақырып. Лидерлік әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде.

Жоспар

1. Лидер ұғымы туралы жалпы түсінік. Топтағы лидер.
2. Бірлескен іс-әрекет құрылымындағы өзара әрекеттестік.
3. Жалпы мақсат топаралық өзара әрекеттестік факторы ретінде.
4. Өзара әрекеттестікті зерттеудегі теориялық ойындық үлгілерінің мүмкіндіктері мен шектеулері. Өзара әрекеттестікті зерттеудің аппараттық әдістері.

15тақырып. Топтың шешімінің тиімділігін жоғарылату әдістері.

Жоспар

1. Топтағы интеграция және дифференциация түсінігі.
2. Топтың «интеграциясы», «тұтастығы», «сиымдылығы» түсініктерінің арақатынасы.
3. Отандық әлеуметтік психологиядағы ұжым мәселесі.

16тақырып. Эксперименталды әлеуметтік психологияның қолданбалы аспектілері.

Жоспар

1. Жетекшілік пен лидерлік топтың өмірлік іс-әрекетті процестерін басқару феноменін ретінде.
2. Топтың өмірлік іс-әрекетті процестерін басқару әдістемелері.

17тақырып. Әлеуметтік психологияның қалыптасу тарихы.

Жоспар

1. Әлеуметтік-психологиялық құбылыстардың табиғатын жүйелі-іс-әрекеттік түсіндіру.
2. XX ғасырдың 30-40 жылдары топтық феномендерді зерттеудің жетекші бағыттары.
3. Соғыстан кейінгі онжылдықта шағын топты психологиялық талдаудың жалпы сипаттамасы.

18тақырып. Қарым-қатынас психологиясы.

Жоспар

1. Стереотиптілік құбылысының мазмұны мен мәні. Әлеуметтік стереотип түсінігі және оның түрлері мен қызметі. «Себепті жапсыру» құбылысы.
2. Тұлғааралық қабылдаудың дәлдігі мәселесі. Өзге адамды тану мен қарым-қатынас процесіне «алғашқы әсердің» ықпалы.
3. Өзара түсіністіктің құрылымы мен механизмдері. Рефлексия түсінігі. Эмпатия құбылысы. Тұлғааралық идентификацияны әлеуметтік-психологиялық зерттеу.

19тақырып. Тұлғаны әлеуметтік-психологиялық диагностикалаудың әдістері.

Жоспар

1. Тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіндегі жеке адам: персонализация тұжырымдамасы (А.В.Петровский, В.А.Петровский).
2. Жеке адамның топтағы әлеуметтік-психологиялық беделі. «Бедел» және «роль» түсініктерінің арақатынасы.

3. Жеке адамның топқа бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ахуал түсінігі (ЭПА). ЭПА көрсеткіштері мен зерттеу әдістері.

4. Топтағы жеке адамды диагностикалау мен түзету әдістері.

20тақырып. Әлеуметтік психология және аралас пәндер: әлеуметтану, демография және саясаттану.

Жоспар

1. Қазақстанның этномәдени ортасы мен әлеуметтік өзгерістері жағдайындағы (саяси, діни, жыныстық, этностық) тұлғаның әлеуметтенуі мәселелері.

2. Тұлғаның әлеуметтену мәселесінің теориялық және қолданбалы аспектілерінің Қазақстан ғалымдарының еңбектерінде өңделуі - психолог, социолог, философ, саясаттанушы т.б.

Реферат тақырыптары

1. Әлеуметтік-психологиялық жәрдемнің тарихи аспектілерді қалыптастыру.

2. Әлеуметтік жәрдемнің сапасын қамтамасыз ету.

3. Әлеуметтік-психологиялық кеңес беру.

4. Әлеуметтік-психологиялық коррекция.

5. Әлеуметтік-психологиялық реабилитациясы.

6. Әлеуметтік-психологиялық диагностикасы.

7. Әлеуметтік жәрдемнің түрлері.

8. Әлеуметтік-психологиялық тренинг.

9. Әлеуметтік-психологиялық бейімделуі.

10. Үйде әлеуметтік күту мен жәрдемнің ерекшеліктері.

11. Әлеуметтік психологиядағы эксперименттің негізгі типтері мен ерекшеліктері.

12. Шағын топ психологиясын зерттеудің негізгі теориялық бағдарлары.

13. Әлеуметтік психологиядағы жеке адам феномені.

14. Әлеуметтік психологиядағы тұлғаны зерттеудің дәстүрлері мен қазіргі жағдайы.

15. Әлеуметтік жүріс-тұрыстың этномәдени варианттылығы.

16.Этноцентризм мен этносаралық кикілжіңдсрдің әлеуметтік-психологиялық аспсктілері.

17. Қарым-қатынас қиындықтары мен кедергілері

18. Егде адамдарды зейнеткер атағына әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

19. Топтық пікірталас, «брейнсторминг» топтық шешім қабылдау тиімділігін арттыру әдісі ретінде.

20. Этнопсихологиялық феномендерді талдаудағы салыстырмалы-мәдени бағыт.

СӨЖ мазмұны

| № | СӨЖ түрі | Есеп беру формасы | Тексеру түрі | Сағат саны к/б | Сағат саны с/б |
|---|--|-------------------------|----------------|----------------|----------------|
| 1 | Дәріс сабақтарға дайындалу. | Жұмыс дәптері, конспект | Сабаққа қатысу | 15 | 6 |
| 2 | Тәжірибелік сабақтарға дайындалу, үй тапсырмаларын | Жұмыс дәптері, | Сабаққа қатысу | 15 | 6 |

| | | | | | |
|----------------|---|---------------------------------------|----------------------|-----------|-----------|
| | орындау | конспект | | | |
| 3 | Аудиториялық сабақтардың мазмұнына кірмеген материалды зерделеу | Жұмыс дәптері, конспект | Есеп беру | 5 | 30 |
| 4 | Семестрлік тапсырмаларды орындау | Конспект, Керекті кестелерді дайындау | Есеп беру | 5 | 22 |
| 5 | Реферат жазу | Реферат | Баяндаманы қорғау | 10 | - |
| 6 | Бақылау жұмысын дайындау | Бақылау жұмысы | Баяндаманы қорғау | - | 4 |
| 7 | Бақылау іс-шараларына дайындалу | | РК1, РК2, (тестілеу) | 10 | 10 |
| Барлығы | | | | 60 | 78 |

Студенттердің өзіндік зерделеуіне арналған тақырыптар

1 тақырып. Әлеуметтік психология ғылым және оқу пәні ретінде. Әлеуметтік психологияның статусы мен жүйесі. Әлеуметтік психологиядағы эксперименттің негізгі типтері мен ерекшеліктері.

2 тақырып. Әлеуметтік психологияның әдіснамалық мәселелері, оның табиғаты мен динамикасы. Әлеуметтік-психологиялық зерттеудегі сұрақтама, бақылау, құжаттарды талдау әдістерінің жалпы сипаттамасы.

3 тақырып. Әлеуметтік психологияның генезисі мен эволюциясы. Әлсуметтік психика ұғымы. Когнитивті диссонанс, коммуникативті акт, құрылымдық баланс теориясы.

4 тақырып. Қоғамдық сана мен қоғамдық психология. Әлеуметтік психологиядағы жеке адам феномені. А.Н.Леонтьевтің іс-әрекет теориясы және оны әлеуметтік психологияда пайдалану мүмкіндігі. Бірлескен іс-әрекет тұжырымдамасы және А.С.Макаренко, А.В.Петровский, Л.И.Уманский, А.И.Донцовтың тұжырым теориялары.

5 тақырып. Жеке адамды әлеуметтендірудің әлсуметтік-психологиялық құрылымы, жеке адамның рухани қуаты. Тұлғаны түсінудің әлеуметтік-психологиялық бағытының ерекшелігі, оның жалпы психология мен әлеуметтанудағы жеке адамды түсінуден айырмашылығы. Әлеуметтік психологиядағы тұлғаны зерттеудің дәстүрлері мен қазіргі жағдайы.

6 тақырып. Жеке адамды әлсуметтендіру факторлары, механизмдері мен құралдары. Ойын әдісі және оның модификациялары. Әлеуметтік-психологиялық кеңес бсрудің спецификасы. Әлеуметтік-психологиялық диагностика және әсер ету психотехникасы.

7 тақырып. Шағын топтардың әлсуметтік психологиясы. Олардың классификациясы, түрлері мен функциялары. Шағын топ психологиясын зерттеудің негізгі теориялық бағдарлары (бекіту теориясы, интеракционизм, өріс теориясы,

психоаналитикалық бағдар, социомстриялық бағдар, іс-әрекет бағыты, жүйе теориясы). Топтық құбылыстарды зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасы.

8 тақырып. Үлкен әлеуметтік топтардың психологиясы. Әлеуметтік класс, әлеуметтік қозғалыс ұғымдары. Жскс адамның ұлттық сана-сезімінің ерекшелігі мен өмірлік бейнесі. Әлеуметтік жүріс-тұрыстың этномәдени варианттылығы. Этноцентризм мен этносаралық кикілжіңдсрдің әлеуметтік-психологиялық аспектілері. Саяси әлеуметтену мен бұқараның талдау ситуацияларындағы жүріс-тұрысының психологиялық мәселелері. Діни қауымдастықтармен бірлестіктердің психологиялық сипаттамасы.

9 тақырып. Қауымдастық - қоғамдық-әлеуметтік феномен ретінде. Оның статусы мен модификациясы.

10 тақырып. Көпшілік психологиясы және тобыр психологиясы. Тобырдың әлеуметтік-психологиялық механизмдері мен динамикасы. Тобырдағы жеке адам жүріс-тұрысы. Үрей түсінігі. Бұқаралық жүріс-тұрыс заңдылықтарын түсіну үшін еліктеу, иландыру және жұқтыру процестерін зерттеудің маңызы.

11 тақырып. Қарым-қатынастың әлеуметтік психологиясы. Қарым-қатынас түрлері мен функциялары. Қарым-қатынас қиындықтары мен кедергілері. Деструктивті қарым-қатынас түсінігі. Табысты қарым-қатынас факторлары. Тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеулердің жаңа бағыты (В.Н.Куницына).

12 тақырып. Психологиялық қарым-қатынастың құрылымдары, дағдылары мен техникасы. Тезаурус түсінігі. Қарым-қатынастың кедергі типтері. Жеке адам мен қоғамның өзіндік санасы мен тілдік сана мәселесі. Мәтін - әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің пәні ретінде: құрасту заңдылықтары, қабылдау механизмдері, талдау тәсілдері. Тілдік стереотиптер мен тілдік этикет. Байланыс орнату, қолдау және шығудың тілдік ережелері.

13 тақырып. Әлеуметтік-психологиялық тренинг. Психотехникалық ойындар мен жаттығулар.

14 тақырып. Іс-әрекеттің әлеуметтік психологиясы, оның статусы мен құрылымы. Бірлескен қызмет психологиясы. Қолданбалы психологиялық зерттеулерді орталықтандыру үшін психологиялық қызметті ұйымдастыру. Психологиялық қызмет іс-әрекеттеріндегі әлеуметтік психологияның орны.

15 тақырып. Кикілжің психологиясы, оның түрлері, функциялары және шешу тәсілдері. Тұлғааралық кикілжіңдерді шешу мен реттеудің тәсілдері. Келіссөз кикілжіңді шешу тәсілі ретінде. Келіссөздерді жүргізу мен даярлау «технологиясы». Келіссөз жүргізудің негізгі әдістері. Келіссөз процесіндегі делдалдық.

Бақылау шаралардың календарлық графигі

| 1 рейтинг 4 семестр | | | | | | | | | | |
|--|----------------------|----|----|----|----|----|----|------|---------------|---------------|
| Аптаның | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | РК | Балдар жинағы |
| Барынша көп бал, бақылау түрлерімен соның ішінде | 2 | 15 | 2 | 15 | 2 | 15 | 2 | 17 | 100 | 100 |
| Жұмыстардың қатысу, топта жұмыс | Лекцияның | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 16 |
| | Практикалық жұмыстың | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 16 |
| | Семинар жұмыстың | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 16 |
| Орындалу және үй тапсырмалардың қорғанышы (СРС) | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | | 24 |
| Шекаралық бақылау | | | | | | | | | 100 | 100 |
| 2 рейтинг 4 семестр | | | | | | | | | | |
| Аптаның | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | РК 2 | Балдар жинағы | |
| Барынша көп бал, бақылау түрлерімен соның ішінде | 2 | 10 | 2 | 24 | 2 | 28 | 2 | 100 | 100 | |
| Жұмыстардың қатысу, топта жұмыс | Лекцияның | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 14 | |
| | Практикалық жұмыстың | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | | 21 | |
| | Семинар жұмыстың | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 14 | |
| Орындалу және үй тапсырмалардың қорғанышы (СРС) | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | | 21 | |
| Шекаралық бақылау | | | | | | | | 100 | 100 | |

У - қатысу, Дз - үй тапсырма, Р-реферат, Б - бақылау жұмыс, П - практикалық жұмыс, РК - шекаралық бақылау

Қорытынды емтихан жазбаша түрде өткізіледі. Көшіру емтихандарда немесе жазбаша жұмыстардың орындалуы жанында тиым салынған.

Қорытынды бағалау балдарда тәртіппен формуламен анықталады:

$$И = \frac{P_1 + P_2}{2} * 0,3 + Э$$

Қайда P1, P 2, КР , Э - балдар сәйкесті, толғандар 1-4 рейтинг қорытындылай, алынғандар орындалу сапасының артынан және қорғаныштың курстық жұмыстың және емтиханда, анықталатындар 100 сәнді шкалаға;

0,3, 0,2 және 0,5- лайықтылар таразылар үлестер, анықталғандар ғалыммен кеңеспен университетті.

Егер сіздер орташасыз бағалауды емтиханда алу (кемірек 50 балл), анау сіздердің қорытынды рейтингіңіз тәртіппен анықталмайды, ал ақпартізімге бағалау киіліп тозады «орташасыз».

Бағыт саясаты

Академиялық мінез-құлық саясат және оқытушы әдептанулары және студенттерді университет ішкі тәртібі ережелеріне тиісті талапқа сай болу. Оқулық процесте белсенді қатысу қажетті қабылдау (сұрақтардың орнатып қоюы оқылатын оқулық материалмен және өлшенген және қисынды жауаптардың беруі, оқуға арналған маңызды өз өзіне меншікті бақылауларымның келеді), оқытушыға және курстастарға орынды жату. Қашан дауыстап рұқсат етілмейді оқытушы, әңгімелер сөйлегенде, екінші ескертуден кейін студент дәрісханадан алыстатылады. Жұмыстар өткізбеу (ауру оқиғасында немесе басқа орынды себепке мәліметті қажетті пайдалануына беру), жіберілген жұмыстар оқытушымен айқын уақытқа жұмыспен өтеу. Жұмыстарға кешікпеу (кешігу мүмкін 5 минут, болмаған жағдайда студент жұмысқа рұқсат етілмейді. Алдын ала кешігу объективті себебін немесе кіргізуді қажетті хабарлау), үй тапсырмалар талапты орындау. Дайын жазбаша материалдар дер кезінде тапсыру. Бақылау жұмыс уақытына көшіру, тестілеулер, емтиханды тиым салынған. Оқытушы кеңестерінің қатысуы міндетті. Жұмыстардың уақытына кәрез телефондар тиісті сөндірілген болу. Тиым салынған жұмыстардың уақытына шайнайтын өшіргішті шайнау.

Бағалаулардың ұсыну белгісі бағыт бөлек компоненттерімен.

Тапсырмалардың дәл және дер кезінде орындалуы жанында барынша көп бал ұсынылады және бағыт жұмыстарының жүз пайыздық қатысуында.

Қатысу есебі жанында және лекцияларға студент жұмыстары, практикалық жұмыста:

- лекцияларға қатысу, материал конспектілеуі -4 балл (қатысу 2 балл, конспекті барысы 2 балл);

- қатысу практикалық жұмыста және топта белсенді жұмыс -8 балл (қатысу 2 балл, белсенді жұмыс тапсырма дұрыс орындалуы 6 балл);

- орындалу және үй тапсырма қорғанышы -8 балл.

Бірінші 100 балл шекаралық бақылау құрастырады, екінші шекаралық бақылау -100 балл . Тестілеу түрінде өткізілуге. 50 сұрақ алдын ала ескерілген: сұраққа жауап дұрыс -2 балл.

Дұрыс жауаптардың саны қосындыланады.

Көрсетілген талаптардың орындалусызы жанында толықсыз немесе айып пұл балдарды ұсынылады

Айып пұл бал білімдердің бағалау схемасынан аралап шығуға орналастырады.

Мысалы:

Лекция қатысусызы (орынды себепсіз) (-2 балл талапқа сай болады);

(-2 балл лекция толықсыз конспектісі талапқа сай болады);

Қатысу практикалық жұмыста (-4 балл топ жұмысында қатысу) және т. д.

Барынша көп және айып пұл балдардың арақатынастары есепке ала бағыт аяқтайтын бағалау шығарылады. Бағыт тәртіппен зачет беруімен аяқталынады. Сынақта белгілер келесілер болуға ескеру: әрбір сұраққа анықталады 100 балл, олардан:

100 балл - қойылған сұрақтарға жүйелі және жеткілікті жауап береді;

85-75 балл - твёрдо материалды біледі, және жетекші сұрақтарсыз жауап береді, мәселемен әдебиетте реттейді;

74-50 балл - біледі тек ең басты материал, мәселемен әдебиетте шатасады, жеткіліктісіз толық берілген сұрақтарға жауап береді;

49-0 балл - жеткілікті толық және дұрыс жауап бере алмайды, соның ішінде және берілген сұрақтарғ, мәселемен әдебиетті білмейді.

Жинағы емтиханда бағыт аяқтайтын 100 балл студент тиісті теріп алу.

Табыстарды тілейміз!